



Автор: Баймулдина Айнур Асылбековна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 8-сынып

Бөлім: XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы

Тақырып: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 – Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлығы:Қазақ хандығының ішкі саяси ахуалын түсінеді. Көпшілігі: Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайына талдау жасайды. Кейбірі:Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелеріне баға береді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге арналған лексика және терминология Грамота, оппозиция, «хан партиясы», Майтөбе Сыныптағы диалог Әбілхайыр ханның жүргізген саясатын қолдаймын. Себебі..... деректердің негізінде қорытынды жасадым. Ресейге қосылуға келесі факторларықпал етті. Жазылым, тыңдалым Бейнекөрсетілімнен Әбілхайыр хан тұлғасын ашатын деректерді тірек кестеге жазып отыру «Ақиқат,жалған» әдісімен жеке тапсырманы дәптеріне орындау Айтылым, оқылым «Ойлан, бірік ,бөліс» әдісі арқылы оқушылар мәтінмен танысады, айтады, тыңдайды.
Күтілетін нәтиже:	Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын сипаттай алады. Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдайды Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелеріне баға береді.
Бағалау критерийлері:	- Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын сипаттайды. - Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдайды - Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін бағалайды.
Құндылықтарды дарыту:	-Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік -құрмет -ынтымақтастық -ашықтық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, Bilimland.kz
Пәнаралық байланыс:	• Дүние жүзі тарихы (Ресей патшаларымен танысады)
Бастапқы білім:	Қазақ-жоңғар соғыстары тақырыбынан Әбілхайыр хан туралы және осы кезеңдегі Қазақ хандығындағы саяси ахуалды біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (9)	Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу Тұлғалар суреттерімен топтастырамын 1 топ – Әбілхайыр хан 2 топ – Анна Иоанновна 3 топ – А.И.Тевкелеев БЫМ Түрткі сұрақ: -Бұл тұлғалардан сіздердің топ атауларыңыз шықты.Олай болса, топ атауына алынған тұлғалар туралы қандай деректер білесіздер? ҚБ«Жарайсың!» , «Тамаша!» мадақтау сөздері Миға шабуыл https://www.google.kz/url?sa=i&source M. Ресей патшайымы Анна Иоанновнаға Әбілхайыр ханның жазған хатын түпнұсқасының көшірмесін көрсетіп сабақ тақырыбы мен мақсаты айтылады 3 минуттық бейнекөрсетілім. М Бейнекөрсетілімнен Әбілхайыр хан тұлғасын ашатын деректерді тірек кестеге жазып отырамыз. Топтан жақсартылған жұмысты таныстырамыз. Тұлғаға мінездеме Көздеген мақсаты Кіші жүздегі ахуал Дескриптор: • Әбілхайырдың жеке қасиеттеріне байланысты фактілерді теріп жазады • Әбілхайырдың Кіші жүзді Ресейге қосуындағы көздеген мақсаттарын жазады. • Әбілхайыр хан кезіндегі Кіші жүздегі ахуалды анықтайды. ҚБ«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы өзара топтық бағалау Саралау: оқушылардың көпшілігі Кіші жүздегі саяси ахуалды жазады.	https://www.google.kz/url?sa https://ru.wikipedia.org/wiki/ https://www.google.kz/search?q

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15)	<p>Белсенді оқыту әдістері • Оқыту формасы: топтық жұмыс • Әдісі: «Ойлан, бірік, бөліс» 1-топ: Қазақ хандығының Ресей бодандығын қабылдауы Бағалау критерийі Дескриптор Ресейге қосылу барысындағы оқиғаларды сипаттайды Әбілхайыр хан мен А.И.Тевкелеев елшілігінің қызметін біледі Ресей бодандығын қабылдауға итермелеген алғышарттарды анықтайды 2-топ: Әбілхайыр ханға қарсы оппозицияның қалыптасуы Бағалау критерийі Дескриптор Әбілхайыр ханға қарсы топтардың қалыптасуын сипаттайды Әбілхайыр ханның шешімін біледі Әбілхайыр ханға қарсы топтардың қалыптасу себептерін анықтайды 3-топ: Қазақтардың Ресей қоластына өтуінің салдары Бағалау критерийі Дескриптор Қазақтардың Ресей қоластына өтуінің салдарын сипаттайды ХVIII ғ. 30-50 жылдарында жүргізілген отарлау шараларын біледі Қазақтардың Ресей қоластына өтуінің салдарын анықтайды ҚБ Шапалақтау арқылы бағалау жүргізіледі. Саралау: Оқушылар бір-біріне көмектеседі, дереккөздерді пайдаланып, бір-біріне түсіндіру арқылы өзіндік ойлары қалыптасады, барлығы топтық жұмыс үдерісіне тартылады. ЖТ Мәтінмен жұмыс жасап болған соң, жеке тапсырма беріледі. № Деректер Ақиқат Жалған 1 1730 жылы Әбілхайырдың елшілігі Орынборға келді + 2 1731 ж. императрица Анна Иоанновна грамотаға қол қойды + 3 Таймас Шайымовқа тархан атағы берілді + 4 Елшілерді қорғау ісі Әбілхайырдың ұлы Ералыға тапсырылды + 5 1731 ж. 10 қазан күні Әбілхайыр хан бастаған топ ант қабылдады + 6 Ант қабылдауға 29 қазақ старшыны қатысты + 7 1734 жылы Қырғыз-қайсақ экспедициясы құрылды + 8 Бойында көптеген ащы сулы көлдер бар бұл шепті халық «Қасірет белдеуі» деп атады + 9 А.И.Тевкелеев-Ресей дипломаты, Сыртқы істер алқасының аудармашысы + 10 «Тевкелеев өзгелердің ашу-ызаға толы толқуын баса алмады» + Тақтада берілген дайын жауап арқылы өзін-өзі бағалайды. Саралау: білім деңгейі әртүрлі оқушыларға беріледі. Үлгерімі жоғары оқушылар басқаларына қарағанда тез орындайды.</p>	<p>Мәтінмен өздері танысып, топта талдайды, берілген әдіспен сыныпқа таныстырады. Қазақстан тарихы 8 (7 сынып) оқулық Әбілхайыр хан тарихының ақиқаты айтылды ма?- Ж.Жақсығалиев http://www.inform.kz/kz/abilkayyr-han-tarihinin-akikaty-ma-zh-zhaksygaliev-tarihshi_a2828265 Қазақстан тарихы 8 (7 сынып) оқулық</p>
Сабақтың соңы	<p>«Құндылықтар спектрі» әдісі арқылы қарама-қарсы екі пікірде талқылау жүргізеді. -Қазақ хандығының Ресей құрамына қосылуымен келісесіз бе? Иә Жоқ Себебі... Дескриптор: • Ресей құрамына қосылудың тиімді жақтарын айтады • Ресей құрамына қосылудың тиімді жақтарына 2 дәлел келтіреді. • Ресей құрамына қосылудың тиімсіз жақтарын айтады • Ресей құрамына қосылудың тиімсіз жақтарына 2 дәлел келтіреді. ҚБ «+-» әдісі арқылы бағалайды, қарсы жаққа қосарын, артығын алып тастауды айтады. Саралау: Оқушыларға өз ойын жеткізе алуына қолдау көрсету мақсатында 1. Оқушылар өз ұстанымын таңдайды. 2. Өзіндік пікірі қалыптасады 3. Өз ұстанымдарын дәлелмен түсіндіреді.</p>	
Рефлексия	<p>Оқушылардың сабақ барысында білгендерін «Қызықты мәлімет, маңызды әрекетім, тосын сұрағым» әдісі арқылы білдім.</p>	